

солдың қарама-қарсылығы мен бірлігі заңдылығына сәйкес жүзеге асырылатын өмірдегі күллі іс-әрекеттердің қандай нәтиже бермегі осы түпнегізге, яғни адам баласының бойындағы нәпсіні қаншалықты игеріп, басқара алуына және қалайша тәрбиелегендігіне байланысты болмақ! Сондықтан Оттан тарайтын жылу мен жарық адам жанына қуат сыйлаушы Нұрдың шашырап түскен шуағы қаншалықты алуан түсті болса, сол құбылыстардың әрбірін сипаттайтын тілдік бірліктердің семиотикалық мәні де соншалықты алуан түрлі болуы – заңдылық. Осымен байланысты, тіліміздің паремиологиялық қорындағы «от» архетипінің қатысуымен жасалған тұрақты бірліктердің семиотикалық әлеуетін діни таным тұрғысынан зерделеу – келешектің еншісінде.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Пирс Ч.С. Элементы логики. Спекулятивная логика // Семиотика. – М., 1983.  
[2] Абайтану. 34-т. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.  
[3] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – т.7. Қ-П. – Алматы: Ғылым, 1983. – 672 б.  
[4] Жұмабай М. Өлеңдер мен дастандар. Жан сөзі. – Алматы: Раритет, 2005. – 256 б.  
[5] Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. – А.: Ғылым, 1998. – 140 б.  
[6] Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. – А.: Елтаным, 2011.  
[7] Сүйеркүл Б.М., Сейітбекова А.А. Тарихи теолингвистика: қалыптасуы, дамуы, негізгі бағыттары. Н.Рабғұзидің «Адам ата – Хауа ана» қиссасы мен А.Йүгінекидің [8] «Ақиқат сыйы» дастаны материалдары негізінде. Монография. – Алматы, 2017. – 140 б.  
[9] Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.  
[10] Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. Т.1. Өлеңдер мен аудармалар. – Алматы: Жазушы, 2005. – 488 б.

МРНТИ 16.21.37

Д.А.Садық

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға лаборанты  
Алматы қаласы, Қазақстан

### «ТҮПКІТЕК ДАУЫСТЫЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕ ВАРИАНТТАЛУЫ»

**Аннотация:** Салыстырмалы фонетиканын зерттелу деңгейі мен тіл білімінде алатын орны айқындалып, қазақ тілінің қарақалпақ, татар, өзбек, ұйғыр, әзірбайжан, түрікмен тілдерінен фонетикалық айырмашылықтарының арнайы зерттелуі сөз етіледі. Сонымен қатар мынадай мәселелер қарастырылды: салыстырмалы фонетиканың тіл білімінде алар орны; түркі тілдерінің түпкітек дауыстыларының вариантталу деңгейі;

Мақалада архетип дауыстылардың вариантталу деңгейі жайлы баяндалады.

**Тірек сөздер:** тіл тарихы, салыстырмалы фонетика, этимология.

Д.А. Садық

старший лаборант Института языкознания им. А. Байтұрсынова,  
Алматы, Казахстан

### «ВАРИАНТИЗАЦИЯ ГЛАСНЫХ АРХЕТИПОВ В СОВРЕМЕННЫХ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ»

**Аннотация.** Изучается степень изученности сравнительной фонетики и ее место в языковом знании, изучается фонетическое отличие казахского языка от Каракалпакского, татарского, узбекского, Уйгурского, азербайджанского, туркменского языков. Кроме того, были рассмотрены следующие вопросы: место сравнительной фонетики в языковом знании; степень вариантизации коренных гласных тюркских языков.

В статье рассматривается уровень вариативности архетипных гласных. В результате сравнительного изучения гласных с другими тюркскими языками выявляются причины необходимости более систематического изучения сравнительной фонетики.

**Ключевые слова:** история языка, сравнительная фонетика, этимология

D.A. Sadyk

senior laboratory assistant at the A. Baitursynov Institute of Linguistics

### VARIANTISATION OF VOWEL ARCHETYPES IN MODERN TURKIC LANGUAGES

**Annotation.** The degree of study of comparative phonetics and its place in linguistic knowledge are studied, the phonetic difference of the Kazakh language from the Karakalpak, Tatar, Uzbek, Uyghur, Azerbaijani, and Turkmen languages is studied. In addition, the following issues were considered: the place of comparative phonetics in linguistic knowledge; the degree of variation of the indigenous vowels of the Turkic languages.

The article discusses the level of variability of archetype vowels. As a result of a comparative study of vowels with other Turkic languages, the reasons for the need for a more systematic study of comparative phonetics are revealed.

**Key words:** history of language, comparative phonetics, etymology

Түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстар өз алдына әр қалай дамып кеткен. Ұқсас дейтін қазақ тілі мен карақалпақ тілінде де өзгешеліктер бар. Ал түпкі түркілердің ортақ дауыстыларына келер болсақ: «а»-е-ә; «у»-ұ-ү-о; у-о-ө-ы-і; деп шектелер едік.

Әуелгі түпкітек дыбыс ашық, еш қоспасыз, таза айтылатын «а» дауысты дыбысы. Ерте заманда адамдардың физиологиялық тұрғысына байланысты жіңішке-келерден бөлек, жуан дауыстылар алдымен дамыған. Мәселен: *домалақ-дөңгелек, барлық – бәрі, қазір – кәзір, ұлғай – үлкей, қартай – кәртеі* т.с.с. Осындай жіңішке вариантпен аталған сөздердің жуан варианттары өте көп кездеседі. Ал болмаса, жуан варианттары өлі түбір құрамында да кездесуі мүмкін. Біз мысалға алғалы отырған

а-е-э дыбыстары өзара әбден сәйкестік түзе алады. А-Ә сәйкестігіне көптеген мысалдар келтіруге болады. *Ажа-әже, ажым-әжім* т.б. Демек «ә» «а»-ның уақыт өте келе жіңішкерген фариациясы деп қабылдау орынды. Тағы бір мысал профессор Б. Сағындықұлы көптік жалғауларының негізінде келтіреді: «ә-нің жуан а-ның тікелей жіңішкерген аллофоны екендігін орта ғасыр ескерткіштері де дәлелдейді. Мысалы, жуан дыбысталатын -лар көптік жалғауы жіңішке буынды сөздерге қосылғанда жіңішкеріп, жуан буынды сөздерге қосылғанда өз қалпын сақтап отырған: *улуғ+лар, расул+лар болса, енді көңул+лар, берүр+лар* т.б болып дыбысталады» [1]. Біздің бұған қосарымыз, қазіргі қазақ тілінде көп-тік жалғау қосымшасы : «-лер», жіңішке дыбысталатын сөздермен тіркеседі. *Көңүлләр – көңілдер, кишиләр – кишілер*, т.с.с. Бұл аталған мысалдардан анық ә-е дыбыстарының сәйкестік түзгенін байқауға болады. Демек кейбір ғалымдардың «ә» араб тілінен енген дыбыс дейтін тұжырымын жоққа шығаратын нақты факті.

Алайда фонетист ғалым Ә.Жүнісбек «е» дыбысының «іе» дыбыстарынан құралған дифтонг деп түсіндірсе, профессор Б. Сағындықұлы «и мен ә»-нің әбден сіңісіп «е»-ге айналған түрі дейді. Біздің пікірімізше профессор Б.Сағындықұлы қыпшақ тілдеріндегі көмекші сөздің қызметін атқаратын *бирлан* сөзін алып талдаған. Алдымен *бир* – жіңішке буын, демек уақыт өте келе жалғанатын қосымша да жіңішке буынға алмасқан, *бирлән* болған. **Р** сонор дыбыс эллизияға ұшырайды, немесе л болып айтылады. (М: Түлкібас – түркібас). *Биллән* немесе *билән*. Одан соң л дауыссыз түсіп қалады да *биән* болады. **И** мен ә-дыбысы бір-біріне сіңісіп, қазіргі қолданыста *бар мен, бен, пен* дейтін шылауларға айналғаны даусыз. Кейбір диалектілерде *иә* – да (орыс.) – орнына «ие» – (мақылдау мағынасын беретін сөз) деп те айтып жүр.

**Ал о, ұ, ы** дауыстыларының түпкітегі «у» дауыстысының жемісі деп атауымызға болады. **У** дыбысы қазіргі тілімізде бірде дауысты, бірде дауыссыз қызмет атқарып жүр. 2018 жылдың қаңтарында қабылданған әліпбиге байланысты негізгі дау – қазақ тілінің емле ережесін әзірлеп шығару. Қазақ орфографиясының кейбір мәселелері жайлы көптеген ғалымдар сөз қозғады. XX ғасырдың I ширегінен бастап, анығында, 1933 жылдан бері **И, У** дыбыстарының жазылуына қатысты пікірталас туындады. Пікірталастың басы **И**-дің (*i+й*), (*ы+й*), **У**-дың біресе жуан (*ұ+у*), біресе жіңішке (*ү+у*) естілуіне байланысты бұл дифтонгтарды ашып жазамыз ба әлде бір таңбамен береміз бе деген түйткілді мәселені шешуге табан тіреді. **Й** мен **У**-дың **я** дауыссыз **я** дауысты екенін ажыратып алу мәселесі де жолға қойылған. Бірақ, бұл аталған дыбыстардың «жартылай дауысты» екенін тарих дәлелдеп беріп отыр.

Түркі тілдерінде екі дауыссыздың сөз арасында, сөз басында қатар айтылмау нормасы протезалық, эпентезалық, эпитезалық сына дауыстылардың өмірге келуін талап ектен сияқты деп болжайды ғалым Берікбай Сағындықұлы. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *арс, барс, арт*, көрк сөздері кездеседі. Аталған сөздердегі қос дауыссыздар арасында бүгінде өз орындарына тиесілі дауыстылар айтылады. Бұл уақыт көрсеткіші. Ертедегі бұл дыбыстың сыналдық, эпентезалық қызмет атқаратын қабілеті болған. Б.Сағындықұлының «Қазақ тілінің тарихы» еңбегінде мынандай мысал келтірілген. **қа** және **ақ** буындарын біріктіретін болсақ **қақ** сөзі пайда болар еді. Ал **у**-дыбысын тіркесек **қауақ** болып шығады. **Де+й+ін, саза** (парсы, «лайық»)+**й+ын, қожа+й+ын** т.б сөздерде кездесетін аралық *й, у* сына дыбыстары келе, келе *и, у* үнділеріне айналған. Еріндік **Ұ** мен **У** дыбыстары тарихи даму барысында қоспасыз таза айтылатын **У** дауыстысының алдында, езулік **Ы, І** дыбыстары қоспасыз таза айтылатын **И** дауыстысының алдында пайда болып, қыстырма, сыналдық қызмет атқарады [1]. Расында, **у** мен **и** дыбыстарын аталған қыстырма дыбыстар келе-келе

сонорға айналдырып, бүгінде дифтонгі болып айтылып жүр. Сөйте келе таза у мен и қыпшақтық топтағы тілдерде жойылып, төл ҰУ мен ҮУ, БИЙ мен ИЙ қосар дыбыстарын өмірге әкелген.

Ғалым Ф.Г.Исхаков У дауысты фонемасының түркілік сипатын түрліше түсіндіреді. «Этот гласный имеется почти во всех тюркских языках, за исключением лишь немногих, у которых он носит характер дифтонгоида, произносимого примерно как уу<sup>о</sup>(например, у казахского, у<sup>о</sup> ногайского, и некоторых других тюркских языков) [6]. Сондай-ақ, у дыбысының ғ дыбысымен тарихи тіркесімділік қабілетін де айтып кеткен. Мәселен:

1. Хак. суғ тува. суғ, қаз. су [сұу], өзб. сув, якт. уу;
2. Тат. йазғучы, қаз. жазушы [жазұушы];

Осындай мысалдарды басшылыққа ала отырып ғалым мынадай тұжырым жасайды: «Вполне возможно, что фонетическое развитие звукосочетания уэв сторону вокализации в данном слове шло параллельно двумя путями:

\*уғ>ыу<sup>о</sup>>у>// \*уғ>уу<sup>о</sup>>у[6]

Ал «У дыбысынан п, б, ф, в дауыссыздары пайда болған» деген тұжырымды дәлелдеу үшін артық дыбыстарды алып тастауға да болады. Мәселен п-б сәйкестік түзетін бір-біріне жуық дыбыстар. Оған дәлел: палуан-балуан, пал-бал, пұта-бұта т.б. В дыбысы да түркі тілдерінің диалектілерінде кеңінен қолданыс тапқан. Мәселен AVAY - көкетство (ДТС). Авай – Абай – абайлау. Авла (AVLA – охотаться [ДТС]) аб (AB – охотаться [ДТС]) – ау-аулау. Келтірілген мысалдардан тек б-в сәйкестігін емес, б-в-у сәкестігін де көруімізге болады. Ал п мен у қай жағдайда алмасады дейтін сұраққа «Қазіргі қазақ тілі, лексика, фонетика» І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтің еңбегінен нақты мысал келтіре аламыз. П дауыссызы у соноры-мен еркін ауысады: «Қосымша басталатын дауыстының ықпалынан түбір сөз аяғындағы п қатаңы у сонорымен алмасады. Мәселен: *Тап+ып – тауып, шап+ып – шауып, қап+ып, қауып* [2]. Профессор Б. Сағындықұлының «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты еңбекте мынадай мысал келтіреді: «*дыбыс (дауыс, ун) – дауыс, жұбан – ұуан*» немесе *жұбату – уату*[4].

Егер у дыбысынан о, ө дауыстылары пайда болды деп тұжырымдайтын болсақ, «у» дыбысының синкреттілігі мен универсиалиясында шек болмас еді. Мәселен оқиға өзбек тілінде «воқа», (вокеа), біз жоғарыда в дыбысының түпкітегін үнді «у»-дан тапқан болатынбыз. Демек в=у-ға. Онда *воқа-уақа*. Ал қазақ тілінде оқи-ға. Бір «о» дыбысы «уа» тіркесінен туындағанын байқауға болады. Кейіннен «о» фонема дәрежесіне жеткеннен кейін «у» дыбысымен алмасып тұрған: туғул-оғул.

Ал «ф» дыбысын қыпшақтық, әйтпесе таза қазақ тілі төл дыбыстарының қатарына жатқызып жүрміз. Көне түркі тілінде «у»-мен кездесетін сөздердің барлығы дерлік «ф»мен айтылады. Тур-тұр, буз-мұз. Мәселен ұшқыр-үшкір сәйкестігін алайық. «ф» мен «у» дыбыстары фонема дәрежесіне жеткен дербес дыбыстар. Дыбыстардың жіңішкеруі нәтижесінде екіншілік семантикалық мағына туындағанын көріп отырмыз. Ұшқыр – сегнификативті абстракциялармен тіркеседі: ұшқыр ой, ұшқыр сөз, ұшқыр сезім, ұшқыр талап. Ал үшкір сөзі тек денотаттармен тіркеседі: үшкір қалам, үшкір қарындаш, үшкір қабырға т.с.с. Алайда екеуіне тән ортақ лексика-семантикалық мағына бар, ол «үш» түпкітегінің бастауында жатыр. Бұл сөзді басқа түркі тілдерімен салыстырып көрелік:

Қазақ тілі	Қырғыз тілі	Әзірбайжан тілі	Татар тілі	Түркімен тілі	Ұйғыр тілі
ұшу	учуу	ушмақ	очу	узмак	учмак – учлук

Олай болса *бұрыш* сөзін талдап көрелік. Бізге белгілі *у>ұ>ы (і)* формуласы бар. Осы аталған ережеге салып көрелік. *Бұр+ыш*, Бұл *бұр+ұш* болатыны анық. Ал сөздің бірінші буынына жіңішке и, я болмаса қазақ тіліндегі төл «і» дыбысын қояр болсақ, сөзіміздің коды анық көрініп тұр. Бір+ұш. Демек, бір ұшы бар зат, дене, нәрсе. Ал үшбұрыш сөзіне үш бірдей бір ұшы бар фигура деген түсінік беруге болады.

Дәл сондай мысал алайық: Қазақ тілінде «жапырақ» сөзінің түпкі тарихын зерттей келе, мынандай гипотеза жасауға болады:

Ж-а-п-ы-р-а-қ. Бізге белгілі математикадағыдай дайын формула бар. Бұған салмас бұрын біз сөздің басқа тілдерде қалай дыбысталағынына көз жүгіртіп өтейік.

Қарақалпақ тілі	Өзбек тілі	Әзірбайжан тілі	Татар тілі	Түркімен тілі	Ұйғыр тілі
жапырақ	ёпроқ	ярпаг	яфрак	япрак	йопурмак

Я-йа. Түркі тілдерінде й-ж сәйкестігі өте көп кездеседі. Ұйғыр тілінде «йопурмак» – демек, *жапурмак* деп өзгертуімізге болады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, У-Ы сәйкестік түзе алады. Жапырмак. Эллизияға ұшыраған дауыссыз дыбыстарды арнайы зерттеу нысанына айналғанда шолып өтеміз. Бұл Алтай тілдерінде «жалбырақ» болып дыбысталады. Демек, талдың басында жалбырап тұратын жасыл. Қазақ тілінде жапырақ болып дыбысталаатын сөздің коды жалбырап өсіп тұратын деген мағынаға сай келеді. Сол секілді «Аманат» сөзі де аман-есен, сау деген семантикалық уәже жақын келетіні анық.

Әбдуәли Қайдар «Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері» атты еңбегінде: «қазақ тілінде айыр-жол айрығы, адырна- «садақтың оқ салып тар-татын кермесі», «өрмек тоқитын құралдың жіптерді ажыратып тұратын қылыш тәрізді жұқа тақтай», ажырау- «екі заттың бір-бірінен бөлініп, арасы қашықтай тү-суі»; ажырық- «гүлінің жапырағы ажырап біткен шөптесіндердің бір түрі», Атырау- «жағадан теңізге бір бөлшегі еніп тұрған жер құрылымы, жер-су атауы», т.б. осы сияқты сөздерде кездесетін: ай (айыр) П\* аж (ажыра) // \*ад(адырна), \*аш(<аша) // \*ақ(ұшақа, төр-тақа) // \*ат(Атырау, атта-) т.б. бір буынды түбірлердің бәрі «бір заттан екінші бір затты ажырату, бөлу, алыстау» деген жалпылама мағынаны білдіретін ортақ бір түбірдің бірнеше фонетикалық варианты болып саналады. Сондықтанда, бұлардың бәрін «этимологиялық бір түбірден» тарап, логикалық тұрғыдан өзара ұқсас («ажы-рау», «бөліну», «бір-бірінен алыстау») мағыналардың шеңберінде топтасып тұрған түбірлес сөздер деп санауға да болады.»[5] – деп тұжырымдайды.

Расында да, қазіргі көп түбірлі, дұрысында көп буынды сөздердің барлығы ортақ негізді түпкітектен шыққанын дәлелдеуге болады, бірақ өте қиын. Мәселен, біздің зерттеуімізге іліккен «топырақ» сөзінің этимологиясын ашу өте қызық болды. Бастысы дыбысталуы ұқсас, бірақ семантикалық мәні алшақ сөздерді жұп-тастырып, этимологиялық адасушылықтан неғұрлым ада болғанымыз жөн. Көне түркі тілінің сөздігін ақтара отырып, «ту», «тоу» сөздерінің мағыналарын ашуға болады. «Тоу» - подниматься, появляться, восходить, рождаться, возникать. Яғни «ту (тұу) – туу, өну, өсу семаларына сай келеді. Ал қазіргі «тау» сөзі мен «ту» сөзінің арасында семалық байланыс бар ма?

Осы сөздер, біздің пікірімізше, бір буынды «өну, өсу, көтерілу» дейтін мағына беретін түпкітектен шыққанға ұқсайды. Себебі «тау» – жер бетінің жазықтардан оқшау көтеріліп жатқан қатпарлы және қатпарлы-жақпарлы құрылымды бөлігі. Ал «туу» процесі таудың да туу процесімен ұқсас келеді. Тіпті логикаға салар

болсақ, аяғы ауыр әйел адамның формасын елестетіп көрінізші. Бұл, әрине ешбір гипотезалық негізі бар зерттеуге келмейді, дегенмен «халықтық қызықты этимологияның зерттеу объектісіне айналып кетуі әбден мүмкін». Осы сәйкестіктерді көре келе, «топырақ» сөзін де таудан шыққанын дәлелдеуге тырыстық. Алайда этимологиялық адасушылыққа ұрынғанымызды сезіндік. Бұл сөздің өзге тілдерде қалайша дыбысталатынын салыстырып көрелік:

Қазақ тілі	Қырғыз тілі	Татар тілі	Түрік тілі	Өзбектілі
топырақ	топурак	туфрақ	toprak	tuproq

Басқа түркі тілдерінде де кейбір фонетикалық айырмашылықтары болмаса дыбысталуы өте ұқсас. Ал көне түркі тілінің сөздігінде topra сөзіне мынадай анықтама берген: «сохнуть, высыхать, избегать». Бұл сөз «top» – «шар, мяч» деген сөзден шыққан. Топтасу, жиылу семаларына сай. Сөздік жасамның дамуына сай топта, топтан сөздерін мысалға келтіруімізге болады. Ал жоғарыда келтірген «topra» көне вариантының бір нұсқасы «тара» сөзіне сай келеді. Тараудың басында Ә.Қайдардың мысалына алынған «ай», «аж» сөздері «тара» семасына сіңіскенге ұқсайды. Сонда «тара» – топ болып ажыра дейтін семантикалық ұғымға сай келсе, «топырақ» сөзі де «тарау» номинациясымен пара-пар болып шығар еді. Топырақ шын мәнінде өте ұсақ үгінділерден тұратын, тарап, шашылып, ыдырап, борпылдап тұратын жер бетінің үстіңгі қабаты емес пе?!

Түркі тілдерін салыстырмалы зерттегенде оның фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік қабаттары түгелімен зерттеледі. Соның ішінде туыс тілдерді зерттеуде оның фонетикалық өзгерістерін айқындауда маңызды орын алады. Осы орайда туыс тілдердің фонетикасын, яғни вокализмі мен консонантизмін зерттеуде салыстырмалы фонетика ұғымы пайдаланылады.

Салыстырмалы фонетика тіл білімінің дербес саласы ретінде тарихи-салыстырмалы тіл білімінің даму процесі негізінде қалыптасты. Салыстырмалы фонетика дыбыстардың дыбыстық заңдылықтарын қарастырмайды. Ол дыбыстарды салыстыра қорытындылау барысында сан жылдық тарихы бар түркі тілдерінің дыбыстар жүйесі ортақ заңдылықтарға сүйене отырып, әр тілдің даму эволюциясы негізінде әр тілге тән өзіндік сипат алып, дамып отырды.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 144 б.
- [2] Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі, лексика, фонетика. – Алматы, 1968. – 156 б.
- [3] Кеңесбаев І. Қазіргі қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.
- [4] Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері». – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 261 б.
- [5] Әбдуәли Қайдар Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері. VI том «Ғылымдағы ғұмыр». – Алматы: Сардар, 2014. – 256 б.
- [6] Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. Москва: Акад. Наук СССР. Ин-т языкознания, 1962. – С. 170.